

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3

Күні: 27.01.2024ж.

Қатысқан ата - аналар саны: 102

Қатыспағандар: 23

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Ата – анамен үлкендерді құрметтеу».

Мақсаты: Отбасылық өмірдің рухани – адамгершілік негіздерін ашып көрсету.

1. «Ата – аналарды және үлкендерді құрметтеу» баяндама

2. Пікір алмасу

3. I жарты жылдың қортындысы

4. Ұйымдастырушылық сұрақтар Достық шеңбері.

Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бір – біріне жылы тілектер тіледі.

1. Ата – аналарды және үлкендерді құрметтеу. Баяндама Ата – аналарды және үлкендерді құрметтеу. Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды. В. Сухомилинский Ата-аналарын құрметтеу - бұл балаларының ең бірінші міндеті. Әке мен ананы қалай дұрыс құрметтеу керек? Әрине, ең алдымен оларды жақсы көру керек, оларға шынайы ризашылық білдіру, ақиқатқа қарсы келмейтін болса, барлық кезде оларды тыңдау, олардың әрекетін сынамау, олардың өтініштері мен ауруларына шыдамды болу, оларға қамқорлық көрсету керек. Бұл өзіміздің алдымыздағы парызымыз. Ата-анамызға үлкендерге сүйіспеншілік пен құрмет көрсету маңызды және адамның бақытты өмір сүруінің кепілі болып табылады. Балаға ата-анасын, үлкендерді және өз-өзін құрметтеуді қалай үйретсе болады? Ең алдымен бала жақын адамдарынан ешқашан қорлық көрмейтінін білуі тиіс. Әсіресе бұл жазалауға байланысты. Есте сақтау керек, ата-ана арасындағы қарым-қатынас баланың үлкендермен өзін қалай ұстайтынының көрсеткіші. Егер әке мен ана айғаймен арақатынастарын шешетін болса, бала көзінше балағаттау және қорлау болса, онда бала үшін бұл әрекетінің басшылығы болмақ. Ата-ана тарапынан қарт адамдардың өміріне араласуы, оларға қамқорлық көрсетуі - бала үшін нағыз жарқын және әсер ететін үлгі. Оның үстіне бұл тіптен қиын емес. Баланың үлкендерге деген құрмет көрсету сезімін тәрбиелей отырып, сонымен бірге өзіңізге сенімді және бақытты қарттықты қамтамасыз ететініңізді ұмытпаңыз. Әке мен ананы құрметтеу оларға деген сүйіспеншілікті, нәзік қарым-қатынасын білдіреді. Баласы, қызы ретіндегі парыздарын барлық жағынан: оймен де, сөзбен және іс - әрекетімен де атқарулары тиіс. Бұл деген, ата-ана туралы не ойласанда, сенің ата-анаң қандай ерекше, ғажап және керемет адамдар екен ойла, олардың жақсы қасиеттерін, іс - әрекеттерін, адамгершіліктерін еске түсір. Ата-аналар өздеріне деген қарым-қатынасты өздері енгізеді. Олар үнемі балаларына жасаған қарым-қатынасының жемісін жейді. Ата-аналар балаларының денінің сау болуын қадағалау, сүйіспеншілік кеңістігін жасау, құндылықтардың дұрыс жүйесін құру, адамдықтың негізгі қағидаттарын ашу және өмірдегі алғашқы өз бетінше қадамдары үшін қажетті білім алуға көмектесулері қажет. Ең бастысы - үнемі үлгі болып, жандарынан табылу. Пікір алмасу. Бүгінгі тақырып бойынша өз

пікірлеріңізді айтып, ойларыңызбен бөлісіңіздер. Дарынның анасы: Біз үйде отбасымызбен бала тәрбиесіне көп көңіл бөлеміз. Баланың «сіз, рахмет, өтінемін, кешіріңіз» деген сөздерді үнемі қолданып сөйлеуін қадалап отырмыз. І жарты жылдың қортындысы. І жарты жылды қорыта айтатын болсақ, ең бастысы балалар балабақшаға, балабақша өміріне толық үйренді. Барлық балалар жыламай еркін кіреді. Өздері тамаққа ішіп, дәретханаға да біздің көмегімізсіз отыра алады. Ұйымдастырылған оқу әрекетінде де еркін отырып, 15 – 20мин жұмыс жасай алады. Балалар пішіндерді, түстерді айта алады. Сонымен қатар жыл мезгілін және айларын біледі. Қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерді атай алады. Алтын күз мерекесімен, жаңа жыл мерекесінде балалар өздерін жақсы көрсетті. Өлеңдерін, тақпақтарын жақсы айтып, билерінде жақсы билейді. Тәрбиешілер балабақша басшыларынан көптеген мақтау алды. Ұйымдастырушылық сұрақтар.

1. Балабақша режимі таңертең 8:15 ке дейін алып келу керек немесе тәрбиешіге звандап ескерту керек. Кешке 18:45 дейін баланы алып кету керек.
2. Балабақша ақысын уақыты төлеп отыру керек.
3. Балабақшаға келмеген жағдайда таңғы сағат 8:15 ке дейін ескерту керек.
4. Себепсіз балабақшадан қалмау керек.
5. Балалардың тазалығын қадағалау әсіресе тырныққа көңіл бөлу.

Шешім:

1. Ата – аналар балаларды уақытында келіп, уақытында алып кету керек екенін қадағалау керек екенін шешті.

2. І жарты жылдық қорытындыны тыңдап, балабақшамен тәрбиешілермен тығыз қарым – қатынаста болатынын шешті.

3. Ата-аналарға балабақша ақысын кешіктірмей төлеуге, баланы себепсіз қалдырмау жүктелді.

Жиналыс төрайымы

Хатшы



Ж.Дүйсебаева

З.Әбілқас

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№4

Күні: 29.05.2024ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 102

Келмеген ата-аналар саны: 23

Күн тәртібінде:

1. Балабақша- үйіміз баяндама
2. «Балабақша-біздің үй!» видеофильм.
3. Әр түрлі мәселелер

Балабақша- үйіміз баяндама

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдап болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, «Ақмышым» ертегісін тыңдап болып, кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал - мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз.

Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Өз – өзіне қызмет ету;

- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір - біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым - қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

- Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

- Серуен кезінде гүлдерді қопсыту, шөптерін жұлу, ойын алаңымызды таза ұстауға үйрету. Бірде серуенде сәбилерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2 - 3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуанып, барі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсындар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз - өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс - қимылы, балалармен, үлкендермен қарым - қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым - қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата - анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады,

Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Дана, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата - анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан». Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Баланың ой - өрісі – білім мен қоршаған дүниені тануға қызығушылығы, талаптанушылық, рухани байлығының бейнесі.

Баланың ой - өрісі көбіне жанұя жағдайымен, ата – ананың ықпалымен қамқорлық етуіне байланысты рухани дамып отырады.

Сәбімен алғаш тіл қатып, қарым – қатынас жасаудың өзі де оны әр түрлі әсерлерге бөлейді. Балаға неғұрлым көңілді көп аударып, онымен әңгімелессе, айналасындағы заттармен, құбылыстармен таныстырса, соғұрлым оның құмарлығы артып, көп білгісі келеді.

Бала балабақшадағы білім беру салалары бойынша жасалған ұйымдастыру іс - әрекетіндегі жасаған жұмыстарын жеке де көрген, білгендерін, үйренгендерін ата – аналарына көрсетуге, айтуға, жеткізуге асығады. Тәрбиеші балаға көптеген қызықты заттар мен істерді таныстырады. Олар балаға әр түрлі ағаштардың жапырақтарын кептіруді, гүл өсіруді, табиғи материалдарды жинауды да көптеген нәрселерді үйретеді.

3. «Балабақша-біздің үй!» видеофильм.

4. Әр түрлі мәселелер.

Жиналыс барысында басқа да мәселелер айтылды. Тамақтың төлем ақысын уақытында төлеу, балабақшаға кешікпей келу, берілген тапсырмаларды уақытында орындау. Т.б шешім қабылданды.

Жиналыстың шешімі:

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақтау

2. Балаларға біріге отырып саналы тәрбие мен сапалы білім беру.

3. Балабақша ережелерін сақтау

4. Ата-аналар комитетінің жұмысын бағалау.

Жиналыс төрайымы

Хатшы



Ж.Дүйсебаева

З.Әбілқас